

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ



Қазіргі таңдағы ғылыми техникалық прогресс пен өркениетті дамудың бүгінгі кезеңінде жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі қоғамның алдында тұрған негізгі міндет.

Сондықтан, қандайда бір мелекеттің білім жүйесінің халықаралық дейгейдегі кредиттік жүйеге өтуінің маңызы ерекше.



**Чарльз Элиот
(1834 –1926)**

Кредиттік жүйе алғаш рет Америка Құрама Штатында пайда болды. Оның негізін 1870 жылдары Гарвард университетінің Президенті, белгілі Американдық білім қайраткері Чарльз Элиот салып, «кредит–сағат» ұғымын қоғамға енгізген болатын.

1892 жылдан бастап «кредиттік-сағаттық» жүйенің екінші кезеңі басталып, осы кезде АҚШ-тың ұлттық білім комитеті университет, колледж, мектеп топтарын жақсарту мақсатында, оқу бағдарламаларын стандарттауда «кредит» ұғымын тек университет пен колледждерде ғана емес, орта мектептерде де, енгізе бастады

Қазақстан Республикасында кредиттік оқу жүйесі 19 ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан біртіндеп қалыптаса бастады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында №66-шы «кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» әзірленген және бекітілген.



Кредиттік оқыту технологиясы — бұл білім беру технологиясы, өз бетімен білім алу деңгейін көтеру және дара негізінде шығармашылық білімді меңгеру, оқу процесін және білім көлемін кредит негізінде есепке алуды, білім беруді таңдап алған траекториясын регламенттеу болып табылады

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

білім көлемін біріздендіру;

*оқытуды барынша дараландыру
үшін жағдай тудызу;*

*білім алушылардың өзіндік
жұмыстарының рөлі мен
тиімділігін күшейту;*

*жетістіктерін оларды тиімді
бақылау рәсімдері негізінде*

КРЕДИТТІК ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІ



Педагогикалық инноватика - педагогикалық жаңашылдықтар жасау, оларды педагогикалық қауымдастықтың бағалауы және игеруі, практикада қолдануы туралы ілім

Бағыттары

Педагогикалық неология - педагогика саласындағы кез келген жаңалық үйреніледі, жалпыланады, қорытылады, педагогикалық технология мониторингі анықталады

Педагогикалық аксиология - педтехнологиялардың ішінен ең сапалылары таңдалады.

Педагогикалық праксология - таңдап алынған педагогикалық жаңалықтар практикада қолданылады.

ОҚУ/ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР
ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНҒАНДА МӘЛІМЕТТІҢ 24 САҒАТ
ІШІНДЕ ЕСТЕ САҚТАЛУЫ.

(А.МАСЛОУДЫҢ ИДЕЯЛАРЫ БОЙЫНША Н.САНДЕРСТІҢ КЕСТЕСІ)

| Тәсілдер | Есте сақталу мөлшері |
|--|-----------------------------|
| Лекция | 5% |
| Оқу (мәтін, кітапты оқу) | 10% |
| Аудио-және видео құралдарды қолдану | 15% |
| Көрсету (жоболар, кестелер басқа да көрнекіліктер) | 30% |
| Пікірталас | 50% |
| Практикалық іс-әрекеттер | 75% |
| Үйренген білімді дереу қолдану, басқаларды үйрету | 90% |

КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ РЕСПУБЛИКАМЫЗДА ҚОЛДАНУ ҮШІН АРНАЙЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТАЛАПТАР

- КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ, ЯҒНИ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ДИДАКТИКАЛЫҚ, ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ АНЫҚТАЛУЫ ҚАЖЕТ;
- КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ САПАЛЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ АНЫҚТАЛУЫ ТИІС;
- КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯДА БАСҚАРУДЫ, САТЫЛАУДЫ, ДИАГНОСТИКАЛАУДЫ, ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ ТАҢДАУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН КОРРЕКЦИЯЛАУ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖАСАУ ЖОЛДАРЫН ТАБУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР.
- ЖОҒАРЫДАҒЫ, КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҮШ КОМПОНЕНТТЕРІН ДҰРЫС ҰҒЫНУ, БҰЛ АРНАЙЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕЛІК ТАЛАПТАРҒА САЙ БОЛАР ЕДІ.

Кредиттік оқыту жүйесінің өзгешіліктері

Студенттердің (оқушылардың) оқу-тану іс-әрекеттері біртұтас құрылымдық қалыпқа келтіріледі.

Әр пәндік курс бойынша оқу-әдістемелік кешен құрастырылады.

Жоғары (орта) оқу орындарының жаңа үлгідегі оқулығын дидактикалық модульдердің жиынтығы ретінде жасау.

Жоғары оқу орындарының (орта мектептің) оқытушыларының үйретушілік қызметтерін логикалық біртұтас құрылымға келтіру.

Педагогикалық қарым-қатынас стилдері

| | Түрлері | Мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | «Сократ» моделі | Мұндай ұстанымдағы оқытушы пікірталас пен пікірсайыстардың құптаушысы және өз сабақтарында оларды қасақана түрде тудырушы. Оның сабақ беру әдісінде белгілі жүйе жоқтың қасы, өйткені ол оқу процесінің әрқашан да біреулермен қақтығыста болады. Оның шәкірттері өз позицияларын ұдайы нығайта отырып, оларды қорғай біледі. |
| 2 | «Топтық пікірталастың жетекшісі» моделі | Ол оқу-тәрбиелік процестің басты мақсаты үйренушілер арасындағы келісім мен ынтымақтастыққа жету деп нсептейді. Ал өзін шәкірттерінің арасындағы делдал деп түсінеді, өйткені ол үшін пікірталас нәтижелерінен гөрі демократиялық ымыра мен бітімгершілік маңызды. |
| 3 | «Шебер» моделі. | Бұл ұстаз өз шәкірттеріне үлгі болуды қалайды. Үйренушілердің оның барлық әрекеттерін тек оқу процесінде ғана емес, сонымен бірге жалпы өмірге деген тұрғыдан бұлжытпай қайталауы керек. Бұл ұстаз өз шәкірттеріне үлгі болуды қалайды. Үйренушілердің оның барлық әрекеттерін тек оқу процесінде ғана емес, сонымен бірге жалпы өмірге деген тұрғыдан бұлжытпай қайталауы керек. |
| 4 | «Генерал» моделі. | Қатаң талап қоюшы, қайткенмен де өзінің айтқанын орындатуға ұмтылады, өйткені өзінің сөзін әрқашанда дұрыс деп бағалайды. Оның ойынша, студент солдат тәрізді тек бұйрықтарға ғана бағынуы керек. М.Таленнің айтуы бойынша, оқытушылардың бұл типі педагогикалық практикада басқаларға қарағанда анағұрлым жиі кездеседі. |

| | | |
|---|-------------------------------------|--|
| 5 | «Менеджер» моделі. | Студенттік топтың тиімді жұмысынан құралған атмосферамен тікелей байланысты. Оқытушы студент тарапынан бастама мен өзіндік әрекеттерді барынша қуаттап отырады. Педагог әрбір студентпен оның шешіп отырған проблема мағынасын талқылауға, студенттің әрекеттерін бақылап, оларға әділ баға беруге әзір. |
| 6 | «Жаттықтырушы» моделі | Ауиториядағы қарым-қатынаста оқытушы мен студенттер бір-біріне жақын екендігін әбден сезінетіндей. Студенттер өздерін құдды бір команда ойыншылығы ретінде сезінетіндей: мұнда жеке тұлғаның еш маңызы жоқ, өйткені олар тек бірлесіп қана көп шаруаны тындыра алады. педагог мұнда ұжымдық ұмтылыстардың ұйытқысы ролін орындайды. Ол үшін ең басты мәселе -аяққа нәтиже, табыс, жеңіс. |
| 7 | «Жол сілтеуші» немесе «Гид» моделі. | Бұл оқытушының «білмейтіні жер астында», ол -тірі энциклопедия тәріздес. Оқытушы өте байсалды, қысқа әрі дәл сөйлейді. Барлық сұрақтарға ол жауап бере алады, тіпті оған қандай сұрақтардың да қойылатындығын біледі. Оның мәні жоқ сияқты, сол себепті де ол көп жағдайда студенттерге қызықсыз көрінеді. |